



**Консультациялық пункттің жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы**

Мерзімі	Тақырыбы	Жауапты	Мақсаты
Қыркүйек	Жалпы ата-аналар жиналысы №1	Әдіскер, барлық бөбекжай тәрбиешілері	Жаңа оқу жылымен құттықтау, тегін тамақтану туралы хабарландыру жасау, жеке іс-қағаздарды толықтыру
Қазан	25-қазан – Республика күніне байланысты сұхбат жүргізу	Әдіскер, бөбекжай тәрбиешілері	25-қазан – Республика күніне орай әлеуметтік желілерде ауыл адамдарымен, бөбекжай ата-аналарымен, мектеп оқушыларымен сұрақ-жауап, блиц сұрақтарын жүргізу.
Қараша	«Осы оқу жылы бөбекжайдан не күтесіздер?» сауалнама	психолог	Ата-аналармен қашықтан байланыс орнату, сауалнама нәтижесінде ата-аналар пікірлері мен ұсыныстарын негізге алып жұмысты жандандыру.
Желтоқсан	«Тәуелсіз елім» көрмесі. Көлемді, 3D макеттер, кескіндемелер, т.б.	Әдіскер, бөбекжай тәрбиешілері	Тәуелсіздік қадірін түсіну үшін мемлекетіміздің басты символдарын өз қолдарымен дайындау, ата-аналарды білім беру процесіне тарту
Қаңтар	«Жасыл шырша жанында...» құттықтаулар челленджі	Әдіскер, бөбекжай тәрбиешілері	Бөбекжай ата-аналарымен тығыз қарым-қатынас жасау үшін челлендждер ұйымдастыру, құттықтау видеоларын жолдау.
Ақпан	«Бөбекжайдағы бір күнім»	Меңгеруші, әдіскер, барлық бөбекжай	Ашық есік күндерін ұйымдастыру, бөбекжай өмірімен жақынырақ танысу, балалардың бір күндік іс-әрекетіне ата-

		тәрбиешілері	аналарды тарту.
Наурыз	«Ханталапай» Ұлттық ойындар ойнаймыз	Тәрбиешілер	Ұлттық салт-дәстүрімізді жаңғырту мақсатында ата- аналарды, бөбекжай балаларының бауырларын қызықтыру мақсатында ұлттық ойындарды ойнату, байқаулар ұйымдастыру.
Сәуір	«Екінші өмір сыйла» қалдық материалдардан ойыншықтар, көрнекіліктер	әдіскер, барлық бөбекжай тәрбиешілер	Қалдық материалдар мен қолданбалы материалдарға екінші өмір сыйлап, балаларға арналған массажды жолдар, ойыншықтар, көрнекіліктер жасату. Ата- аналарды тығыз қарым-қатынас жасауға қызықтыру.
Мамыр	«Батыр елдің ұланымыз»	Әдіскер, барлық бөбекжай педагогтары	Ұлы Отан соғысы, тың ардагерлері мен ауылдың ақсақалдарымен кездесу ұйымдастыру, Ауыл өмірімен таныстыру, ауыл ішіне саяхаттар жүргізу. Ауыл адамдарымен сұхбаттасу.